

Меншік иесі және баспагер:
«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ
2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
www.iz.adilet.gov.kz
сайтында орналастырылған
Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес құрамы
Сәрпеков Р.Қ. (Астана, Қазақстан) –
(төраға)
Абайділдинов Е.М. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Абызов Р.М. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Белых В.С. – з.ғ.д. (Екатеринбург,
Ресей)
Губин Е.П. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Борчашвили И.Ш. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Мельник Р.С. – з.ғ.д. (Киев, Украина)
Моисеев А.А. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Муромцев Г.И. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Рахметов С.М. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Малиновский В.А. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Шерубай Құрманбайұлы – ф.ғ.д.
(Астана, Қазақстан)

Редакциялық алқа құрамы
Құлжабаева Ж.О. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан) – (төраға)
Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Айымбетов М.А. – ҚР еңбек сіңірген
мәдениет қайраткері (Астана,
Қазақстан)
Байниязова З.С. – з.ғ.к. (Саратов,
Ресей)
Қазбаева Ә.Ғ. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)
Казиев З.Ғ. – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)
Қоныс В.Т. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)
Кулиспаева М.Ж. – PhD (Астана,
Қазақстан)
Мұшанов Т.Е. (Астана, Қазақстан)
Нұрғазинов Б.Қ. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)
Нұрмағамбетов Р.Ғ. – PhD (Қостанай,
Қазақстан)
Рахымбердин К.Х. – з.ғ.д. (Өскемен,
Қазақстан)
Тегізбекова Ж.Ч. – з.ғ.к. (Бишкек,
Қырғызстан)
Тілембаева Ж.О. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)

Журнал редакциясы
Колтубаева Г.Б.
Ермек А.Б.
Ердешева Д.Т.
Жұмагелдина Б.Ж.
Байленова А.Қ.
Джамбуршин К.А.
Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі Ақпарат
және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі
мен мерзімі №6592-Ж. 07.09.2005 ж.)


Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ., Мәңгілік ел даңғ.,
8 үй
тел.: 8(7172)74-02-06;
факс: 8(7172)74-14-43
www.iz.adilet.gov.kz
E-mail: instzak-kz@mail.ru,
institutzakonodatelstva@gmail.com

МАЗМҰНЫ

Редакция бағанасы	8
<i>ҚР Әділет министрі М. Бекетаевтың «Үкіметтің Конституция шеңберіндегі өкілеттіктері» тақырыптағы ғылыми-практикалық конференцияда сөз сөйлеуі</i>	12
«Жаршынын» мұрағат беттері	
Т.С. САФАРОВА Қазақстан Республикасында құқықтық мониторинг жүргізуді одан әрі жетілдірудің кейбір теориялық аспектілері (ҚР ЗИ Жаршысы, №2(34)-2014 ж., 92-96 б.)	14
А.Ө. ҚАЛИЕВА З.ғ.к. Т.С. Сафарованың «Қазақстан Республикасында құқықтық мониторинг жүргізуді одан әрі жетілдірудің кейбір теориялық аспектілері» ғылыми жарияланымына қайта оралғанда	17
Конституциялық және әкімшілік құқық	
Р.Қ. СӘРПЕКОВ Ғылыми сараптама институтының заң шығармашылығы қызметінің тиімділігін арттырудағы рөлі және оның даму перспективалары туралы	20
А.А. МАКСУРОВ Голландия мен Бельгия корольдіктерінің, Ұлы Люксембург Герцогтігінің конституциялық актілерінде мемлекетаралық үйлестіруді іске асырудың проблемалары	27
Б.К. НҰРҒАЗИНОВ, Н.М. ПРИМАШЕВ Әкімшілік және өзге де жария-құқықтық қатынастардан туындайтын әкімшілік дау нысанасының проблемасын қою жайында	34
С.К. УКИН, Д.С. БАТЫРБЕКОВА «Астана» халықаралық қаржы орталығы актілерінің қолданысы және оларды уақытта, кеңістікте және тұлғалар шеңбері бойынша орындау ерекшеліктері	41
Азаматтық және азаматтық іс жүргізу құқығы	
М.К. СҮЛЕЙМЕНОВ Шарт алдындағы қатынастар	50
В.Т. КОНУСОВА, М.Н. АБИЛОВА Қазақстандағы сот қарауын кеңейту туралы мәселеге сот прецедентімен арақатынас тұрғысынан тұжырымдамалық көзқарас	65
А.К. ҚҰСАЙЫНОВА, Л.Т. НАЗАРҚҰЛОВА Қазақстандағы көліктік-транзиттік қатынастарды құқықтық реттеу	77
Х.-Й. ШРАММ Жария-құқықтық және жеке-құқықтық реттеу әдістерінің арақатынасы	84
Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс	
Р.Қ. СӘРПЕКОВ, С.М. РАХМЕТОВ Қылмыстық кодекстің экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауапкершілік туралы нормаларының кемшіліктері және оларды жою жолдары	94
А.Н. АХПАНОВ, Ф.Р. АХМЕДЖАНОВ Сотқа дейінгі қылмыстық іс жүргізудегі прокурорлық қадағалау мен ведомстволық процесстік бақылаудың арақатынасы туралы	99
А.Т. КАРИПОВА, Е.А. ОМАРОВ, Б.Ж. ШОТКИН Татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату және процесстік шығындарды өндіріп алу: жай-күй мен проблемалар	107
Н.К. ИМАНҒАЛИЕВ Мұнай ұрлығы үшін қылмыстық жауаптылықтан ақталмайтын негіздер бойынша босатудың кейбір мәселелері	117
Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	
М.Ж. КУЛИСПАЕВА Ғарыш кеңістігінің құқықтық режимінің кейбір аспектілері	123
С.Б. АНИКИН, С.В. ПОЛЯКОВА Шет елдердегі полиция институты: тарихи негіздер мен қазіргі заманғы тұжырымдамалар	129

Құқықтық мониторинг	
Г.Б. ҚЫСЫҚОВА, А.Ө. ҚАЛИЕВА ЕАЭО шеңберінде еңбек көші-қонын құқықтық реттеуді талдау.....	134
Е.А. АХМЕТОВ, О.С. ҚАРАХОЖАЕВ Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттарының проблемалық аспектілері жайында (заңнама мониторингі).....	140
Мемлекеттік тілдегі заң шығармашылығы практикасынан	
М.А. АЙЫМБЕТОВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Терминдік тұрақты тіркестердің түпмәтіндік ерекшеліктері Н.Н. ИСАҚ Рухани жаңғыру аясындағы тілдің рөлі.....	147
Г.Н. КҮЗЕМБАЕВА Қазақ тіліндегі кірме сөздер проблемалары.....	151
Е.С. САФУАНИ Заңнама терминдерін жүйелеу мәселелері.....	155
Ж.М. ТҰРАРОВА, А.Н. КАДИРОВА Халықаралық шарттар мәтінін терминдік тұрғыдан нақтылау.....	159
Жас ғалым мінбері	
М.Т. ӘКІМЖАНОВА Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша баланың жеке мүліктік емес құқықтарын қорғаудың кейбір проблемалары.....	169
К.К. САБИРОВ Қазақстан Республикасында FIDIC құрылыс келісімшарттары нысандарының кейбір ерекшеліктері мен заңды бейімделуінің проблемалары.....	177
Ж.Б. ДОСМАҒАМБЕТОВА Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын талдау.....	184
М.М. РАХЫМБЕКОВ Үкіметтік емес ұйымдар Қазақстан Республикасындағы діни экстремизмнің алдын алу субъектілері ретінде.....	190
Ғылыми өмір хроникасы	
Францияға қызметтік сапар туралы ақпараттық хабарлама, 2018 жылғы 18-29 маусым, Париж қ.....	198
Эстония мен Нидерландыға қызметтік сапар туралы ақпараттық хабарлама.....	201
Теңіз құқығы бойынша Йосу (Оңтүстік Корея) академиясына қатысу туралы ақпараттық хабарлама, 2018 жылғы 27 тамыз-7 қыркүйек, Йосу қ.....	207
Қазақстан Республикасы Заңнама институтының кітапхана қорына түскен басылымдар көрмесі туралы ақпараттық хабарлама.....	212
Әдебиет көрмесі туралы ақпараттық хабарлама.....	215
Есімнама	
Заң ғылымдарының докторы, профессор Р.Т. Нұртаевқа – 70 жас.....	217
Библиография	
М.К. Сүлейменовтің «Международное частное право и международный гражданский процесс». - Алматы: «Заңгер» заң фирмасы, 2018. - 496 б. кітабына рецензия.....	218
Р.Т. Нұртаевтің «Актуальные проблемы повышения эффективности борьбы с преступностью в Республике Казахстан в целях противодействия опасным вызовам и угрозам XXI века». - LAP Lambert Academic Publishing, 2018. – 120 б. монографиясына рецензия.....	220
Даналық ойлар	224



Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»
Издается с 2006 года

Все материалы журнала размещаются
на сайте www.iz.adilet.gov.kz
Включен в перечень изданий
для публикации основных научных
результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Состав Редакционного совета
Сарпеков Р.К. (Астана, Казахстан) –
(председатель)
Абайдельдинов Е.М. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Абызов Р.М. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Белых В.С. – д.ю.н. (Екатеринбург,
Россия)
Губин Е.П. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Борчашвили И.Ш. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Мельник Р.С. – д.ю.н. (Киев, Украина)
Моисеев А.А. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Муромцев Г.И. – д.ю.н. (Москва,
Россия)
Рахметов С.М. – д.ю.н. (Астана, Ка-
захстан)
Малиновский В.А. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Шерубай Күрманбайұлы – д.ф.н.
(Астана, Казахстан)

Состав Редакционной коллегии
Кулжабаева Ж.О. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан) – (председатель)
Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Айымбетов М.А. – заслуженный дея-
тель культуры РК (Астана, Казахстан)
Байниязова З.С. – к.ю.н. (Саратов,
Россия)
Казбаева А.Г. – к.ю.н. (Астана, Казах-
стан)
Казиев З.Г. – к.ю.н. (Астана, Казах-
стан)
Конусова В.Т. – к.ю.н. (Астана, Казах-
стан)
Куликпаева М.Ж. – PhD (Астана,
Казахстан)
Мушанов Т.Е. (Астана, Казахстан)
Нургазинов Б.К. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Нурмагамбетов Р.Г. – PhD (Костанай,
Казахстан)
Рахимбердин К.Х. – д.ю.н. (Усть-Ка-
меногорск, Казахстан)
Тегизбекова Ж.Ч. – к.ю.н. (Бишкек,
Кыргызстан)
Тлембаева Ж.У. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)

Редакция журнала
Колтубаева Г.Б.
Ермек А.Б.
Ердешева Д.Т.
Жумагелдина Б.Ж.
Байленова А.К.
Джамбуршин К.А.

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан
(№ и дата первичной постановки на учет
№6592-Ж. 07.09.2005 г.)

Адрес:

Республика Казахстан,
010000, г. Астана, пр. Мәңгілік ел, д. 8
тел.: 8(7172)74-02-06;
факс: 8(7172)74-14-43
www.iz.adilet.gov.kz
E-mail: instzak-kz@mail.ru,
institutzakonodatelstva@gmail.com

СОДЕРЖАНИЕ

Колонка редакции	9
<i>Выступление Министра юстиции РК М. Бекетаева на научно-практической конференции на тему «Полномочия Правительства в рамках Конституции»</i>	12
Архивные страницы «Вестника»	
Т.С. САФАРОВА Некоторые теоретические аспекты дальнейшего совершенствования проведения правового мониторинга в Республике Казахстан (Вестник ИЗ РК №2(34)-2014 г., С. 92-96)	14
А.У. КАЛИЕВА Возвращаясь к научной публикации к.ю.н. Сафаровой Т.С. «Некоторые теоретические аспекты дальнейшего совершенствования проведения правового мониторинга в Республике Казахстан»	17
Конституционное и административное право	
Р.К. САРПЕКОВ О роли института научной экспертизы в повышении эффективности нормотворческой деятельности и перспективах его развития	20
А.А. МАКСУРОВ Проблемы реализации межгосударственной координации в конституционных актах королевств Голландии и Бельгии, Великого Герцогства Люксембурга	27
Б.К. НУРГАЗИНОВ, Н.М. ПРИМАШЕВ К постановке проблемы предмета административного спора, возникающего из административных и иных публично-правовых отношений	34
С.К. УКИН, Д.С. БАТЫРБЕКОВА Действие актов Центра Международного финансового центра «Астана» и особенности их исполнения во времени, пространстве и по кругу лиц	41
Гражданское и гражданско-процессуальное право	
М.К. СУЛЕЙМЕНОВ Преддоговорные отношения	50
В.Т. КОНУСОВА, М.Н. АБИЛОВА Концептуальный подход к вопросу о расширении судебного усмотрения в Казахстане в аспекте соотношения с судебным прецедентом	65
А.К. КУСАИНОВА Л.Т. НАЗАРКУЛОВА Правовое регулирование транспортно-транзитных отношений в Казахстане	77
Х.-И. ШРАММ Соотношение публично-правовых и частно-правовых методов регулирования	84
Уголовное право и уголовный процесс	
Р.К. САРПЕКОВ, С.М. РАХМЕТОВ Недостатки норм Уголовного кодекса об ответственности за экологические уголовные правонарушения и пути их устранения	94
А.Н. АХПАНОВ, Ф.Р. АХМЕДЖАНОВ О соотношении прокурорского надзора и ведомственного процессуального контроля в досудебном уголовном производстве	99
А.Т. КАРИПОВА, Е.А. ОМАРОВ, Б.Ж. ШОТКИН Освобождение от уголовной ответственности в связи с примирением и взыскание процессуальных издержек: состояние и проблемы	107
Н.К. ИМАНГАЛИЕВ Некоторые вопросы освобождения от уголовной ответственности за хищение нефти по нереабилитирующим основаниям	117
Международное право и сравнительное правоведение	
М.Ж. КУЛИКПАЕВА Некоторые аспекты правового режима космического пространства	123
С.Б. АНИКИН, С.В. ПОЛЯКОВА Институт полиции в зарубежных странах: исторические основы и современные концепции	129

Правовой мониторинг

Г.Б. КЫСЫКОВА, А.У. КАЛИЕВА Анализ правового регулирования трудовой миграции в рамках ЕАЭС.....134

Е.А. АХМЕТОВ, О.С. КАРАХОЖАЕВ К проблемным аспектам порядка и условий содержания лиц в специальных учреждениях, обеспечивающих временную изоляцию от общества (мониторинг законодательства).....140

Из практики законодотворчества на государственном языке

М.А. АЙЫМБЕТОВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Особенности терминообразующих словосочетаний в законодательных текстах.....147

Г.Н. КУЗЕМБАЕВА Проблемы заимствованных слов в казахском языке.....151

Е.С. САФУАНИ Вопросы систематизации терминов в законодательстве.....155

Ж.М. ТУРАРОВА, А.Н. КАДИРОВА Терминологическое уточнение текстов международных договоров.....159

Трибуна молодого ученого

М.Т. АКИМЖАНОВА Некоторые проблемы защиты личных неимущественных прав ребенка по законодательству Республики Казахстан.....169

К.К. САБИРОВ Некоторые особенности и проблемы юридической адаптации форм строительных контрактов FIDIC в Республике Казахстан.....177

Ж.Б. ДОСМАГАМБЕТОВА Анализ законодательства Республики Казахстан, регулирующего обязательное страхование гражданско-правовой ответственности владельцев транспортных средств.....184

М.М. РАХИМБЕКОВ Неправительственные организации как субъекты предупреждения религиозного экстремизма в Республике Казахстан.....190

Хроника научной жизни

Информационное сообщение о служебной поездке во Францию, 18-29 июня 2018 года, г. Париж.....199

Информационное сообщение о служебной поездке в Эстонию и Нидерланды.....203

Информационное сообщение об участии в Академии Йосу (Корея) по морскому праву, 27 августа-7 сентября 2018 года, г. Йосу.....208

Информационное сообщение о выставке изданий, поступивших в фонд библиотеки Института законодательства Республики Казахстан.....213

Информационное сообщение о выставке литературы.....216

Персоналии

Доктору юридических наук, профессору Р.Т. Нуртаеву – 70 лет.....217

Библиография

Рецензия на книгу М.К. Сулейменова «Международное частное право и международный гражданский процесс». - Алматы: Юридическая фирма «Зангер», 2018. - 496 с.....218

Рецензия на монографию д.ю.н., проф. Нуртаева Р.Т. «Актуальные проблемы повышения эффективности борьбы с преступностью в Республике Казахстан в целях противодействия опасным вызовам и угрозам XXI века». - LAP Lambert Academic Publishing, 2018. - 120 с.....220

Мудрые мысли.....224



Owner and publisher:
 SI «Legislation Institute
 of the Republic of Kazakhstan»
Published since 2006
 All journal materials are placed
 on the website
www.iz.adilet.gov.kz

Included in the list of publications of basic
 scientific results of dissertations on legal
 sciences (Order CCES MES RK №894
 from 05.30.2013)

Editorial Council members

Sarpekov R.K. (Astana, Kazakhstan) –
 (Chairman)
Abaydeldinov E.M. – d.j.s. (Astana,
 Kazakhstan)
Abyzov R.M. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Belih V.S. – d.j.s. (Ekaterinburg, Russian)
Gubin E.P. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Borchashvili I.Sh. – d.j.s. (Astana, Ka-
 zakhstan)
Melnik R.S. – d.j.s. (Kiev, Ukraine)
Moiseev A.A. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Muromtsev G.I. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Rahmetov S.M. – d.j.s. (Astana, Kazakh-
 stan)
Malinovskiy V.A. – d.j.s. (Astana, Kazakh-
 stan)
Sherubai Kurmanbaiuly – d.ph.s. (As-
 tana, Kazakhstan)

Editorial Board members

Kulzhabayeva Zh.O. – c.j.s. (Astana,
 Kazakhstan) – (Chairman)
Azer Aliyev – PhD (Kiel, Germany)
Aiymbetov M.A. – Honored Worker of
 Culture of Kazakhstan, (Astana, Kazakh-
 stan)
Bainiyazova Z.S. – c.j.s. (Saratov, Rus-
 sian)
Kazbayeva A.G. – c.j.s. (Astana, Kazakh-
 stan)
Kaziyev Z.G. – c.j.s. (Astana, Kazakh-
 stan)
Konusova V.T. – c.j.s. (Astana, Kazakh-
 stan)
Kulikpayeva M.Zh. – PhD (Astana,
 Kazakhstan)
Mushanov T.E. (Astana, Kazakhstan)
Nurgazinov B.K. – c.j.s. (Astana, Kazakh-
 stan)
Nurmagambetov R.G. – PhD (Kostanai,
 Kazakhstan)
Rakhimberdin K.H. – d.j.s. (Ust-
 Kamenogorsk, Kazakhstan)
Tegizbekova Zh.Ch. – c.j.s. (Bishkek,
 Kyrgyzstan)
Tlembaeva Zh.U. – c.j.s. (Astana, Ka-
 zakhstan)

The editorial staff

Koltubayeva G.B.
Yermek A.B.
Yerdesheva D.T.
Zhumageldina B.Zh.
Bailenova A.K.
Dzhamburshin K.A.

The certificate of registration of mass media
 №11219-G from 15.11.2010 from
 the Committee of Information and Archives
 of the Ministry of Culture and Information
 of the Republic of Kazakhstan
 (Number and date of primary registration
 №6592-Zh.07.09.2005.)


Address:

The Republic of Kazakhstan,
 010000, Astana, Mangilik el pr., 8
 tel.: 8 (7172) 74-02-06
 fax: 8 (7172) 74-14-43
www.iz.adilet.gov.kz
 e-mail: instzak-kz@mail.ru,
 institutzakonodatelstva@gmail.com

CONTENT

Editorial	10
<i>Speech of the Minister of Justice of the Republic of Kazakhstan M. Beketayev at the academic and practical conference on the topic «The powers of the Government within the framework of the Constitution»</i>	12
The archive pages of «Bulletin»	
T.S. SAFAROVA Some theoretical aspects of further improvement of legal monitoring in the Republic of Kazakhstan (The Bulletin of The Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan №2(34)-2014., P. 92-96.....	14
A.U. KALIEVA The return to the academic publication of c.j.s., T.S. Safarova «Some theoretical aspects for further improvement of legal monitoring in the Republic of Kazakhstan».....	17
Constitutional and Administrative Law	
R.K. SARPEKOV About the role of institute of scientific expertise in enhancing the efficiency of norm-making activity and prospects of its development.....	20
A.A. MAKSUROV Problems in realization of interstate coordination in the constitutional acts of the kingdoms of Holland and Belgium, the Grand Duchy of Luxembourg.....	27
B.K. NURGAZINOV, N.M. PRIMASHEV The statement of the problem of the subject of an administrative dispute arising from administrative and other public legal relations.....	34
S.K. UKIN, D.S. BATYRBÉKOVA Action of acts of the Center of the International financial center «Astana» and features of their execution in time, space and scope.....	41
Civil and Civil Procedural Law	
M.K. SULEYMENOV Precontractual relations.....	50
V.T. KONUSSOVA, M.N. ABILOVA The conceptual approach to the issue of widening judicial discretion in Kazakhstan in the aspect of correlation with the judicial precedent.....	65
A.K. KUSAINOVA, L.T. NAZARKULOVA Legal regulation of transport-transit relations in Kazakhstan.....	77
H.-J. SCHRAMM Correlation of public-legal and private-legal methods of regulation.....	84
Criminal law and Criminal procedure	
R.K. SARPEKOV, S.M. RAKHMETOV Disadvantages of the Criminal code norms on liability for environmental criminal offenses and the ways to eliminate them.....	94
A.N. AKHPANOV, F.R. AKHMEJANOV The comparison of prosecutor's surveillance and departmental procedural control in pre- trial criminal proceeding.....	99
A.T. KARIPOVA E.A. OMAROV, B.J. SHOTKIN Exemption from criminal liability in connection with reconciliation and recovery of procedural costs: status and problems.....	107
N.K. IMANGALIEV Some issues of the exemption from criminal liability for oil theft on non-rehabilitating grounds.....	117
International and Comparative law	
M. ZH. KULIKPAYEVA Some aspects of legal regime of outer space.....	123
S.B. ANIKIN, S.V. POLYAKOVA Institute of police in foreign countries: historical foundations and modern concepts.....	129

Legal monitoring	
G.B. KYSSYKOVA, A.U. KALIEVA Analysis of regulation of labour migration in the framework of the EAEU.....	134
E.K. AKHMETOV, O.C. KARAKHOZHAYEV The problem aspects of order and conditions of detention of persons in special establishments providing time insulation from the company (the monitoring of legislation).....	140
Lawmaking practice in the official language	
M. AIYMBETOV, E.M. ELUBAY Singularities of term-forming phrases in law texts.....	147
G.N. KUZEMBAYEVA Problems of borrowed words in the Kazakh language.....	151
E.S. SAFUANI Questions of the systematization of terms in legislation.....	155
ZH.M. TURAROVA, A.N. KADIROVA Terminological clarification of the texts of international treaties.....	159
Young scholar tribune	
M.T. AKIMZHANOVA Some problems in protection of personal non-important rights of the child under the legislation of the Republic of Kazakhstan.....	169
K.K. SABIROV Some of the features and issues of legal adaptation of the FIDIC contract forms in Kazakhstan.....	177
ZH.B. DOSMAGAMBETOVA Analysis of the legislation of the Republic of Kazakhstan regulating compulsory insurance of civil liability of owners of vehicles.....	184
M.M. RAKHIMBEKOV Non-governmental organizations as the subjects of prevention of religious extremism in the Republic of Kazakhstan.....	190
The Chronicle of Scientific Life	
Information note on the business trip to France, Paris, June 18-29, 2018.....	200
Information note on the business trip to Estonia and Netherlands.....	205
Information note on the participation at the Yeosu (South Korea) Academy of the law of the sea, August 27-September 7, 2018, Yeosu.....	211
Information note on the exhibition of received publications by the library fund of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan.....	214
Informational message on the exhibition of literature.....	215
Personalities	
70 years to the doctor of legal sciences, professor R.T. Nurtaev.....	217
Bibliography	
REVIEW of the Book of M.K. Suleimenov «International private law and the international civil process». - Almaty: Law firm «Zanger», 2018. - 496 s.....	218
REVIEW of the monograph by Doctor of Law, prof. Nurtayev R.T. "Actual problems of increasing the effectiveness of the fight against crime in the Republic of Kazakhstan in order to cross the dangerous challenges and threats of the XXI century". - LAP Lambert Academic Publishing, 2018. - 120 p.....	220
Wise thoughts	224



ЗАҢНАМА ТЕРМИНДЕРІН ЖҮЙЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Есенқұл Сафуанұлы Сафуани

Қазақстан Республикасының Заңнама институты Лингвистика орталығының НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама секторының жетекші ғылыми қызметкері, Астана қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: e.safuani@adilet.gov.kz

Түйін сөздер: термин; заңнама тілі; теңтүпінұсқалылық.

Аннотация. Автор бұл мақаласында заңнама тілінің көркем әдебиет тілінен өзгеше екендігіне назар аударып, өз пікірін мысалдармен дәлелдейді. Заңнамада терминдердің, тұрақты сөз тіркестерінің әртүрлі аударылуы салдарынан оны орындауда қиындықтар туындайтындығы жөнінде нақты мысалдар келтірген.

Халықаралық терминдер аударылмай, сол қалпында қолданылып жүрген практикамен де келіспейтіндігін көрсетеді. Орыс тіліндегі заңнамада шет тілінен келген терминдер өз тілінің транскрипциясымен жазылып, өзінің төл сөзі ретінде қабылдау практикасының дұрыстығына баса назар аударады. «Консервация месторождения» дегенді «кен орнын консервациялау», құрылыс саласындағы заңдарда «тоқтатып қою» болып жүр. Орыс тіліндегі «ция» жалғаулығы қазақша «лау» деген жалғаулықтың баламасы. Сонда бір терминге орысша «ция», қазақша «лау» деген екі бірдей жалғаулықты қосақтап жазудың қате екендігін ескертеді.

Мақалада көркем әдебиет аудармасында бір тілден екінші тілге аударылған мәтінді кері қарай аударуға болмайды деген қағиданы заңнама аудармасына қолдануға болмайтындығын түсіндіруге ұмтылыс жасалған.

Заңдарда «форма» – «нысан», баспасөзде «объект» – «нысан» болып жүруі өрескел қате екендігіне орай дәлелді пікірлер ұсынылған. Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігіне сүйеніп, «нысан» деген сөздің заңнамадағы «форма» деген терминнен гөрі баспасөздегі «объект» деген терминнің баламасы екендігі жөнінде пікір білдіріледі. Бірақ «объект» бар жерде «субъект» болатындығын ескеріп, бір кездегі «субъектіні» «нысан» десек жарасып-ақ тұр деген ғалымның пікіріне орай «нысандық пікір», «нысандық пікір» десек жарасымды бола ма? деген сұрақ қойылып, бұл пікірдің жөнсіздігін аңғартады.

Осы пікірлерді ескере отырып, заңнаманы латын әліпбиіне көшірмес бұрын терминдерді, тұрақты тіркестерді бір жүйеге келтіру қажет екендігін ескертеді.

ВОПРОСЫ СИСТЕМАТИЗАЦИИ ТЕРМИНОВ В ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ

Есенқұл Сафуанұлы Сафуани

Ведущий научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы НПА и международных договоров Центра лингвистики Института законодательства Республики Казахстан; г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: e.safuani@adilet.gov.kz

Ключевые слова: термин; законодательный язык; аутентичность.

Аннотация. Придавая внимание отличию законодательного языка от языка художественной литературы, автор статьи доказывает это на конкретных примерах. Приведены конкретные примеры, свидетельствующие о трудностях, появляющихся вследствие различного перевода терминов, словосочетаний.

Имеет место несоответствие с практикой не переведенных, используемых в своей же форме международных терминов.

В законодательстве на русском языке иностранные термины пишутся в транскрипции своего языка, особо уделяется внимание практике правильности восприятия речи. Термин «консервация месторождения» используется как «кен орнын консервациялау», а в законах в сфере строительства как «тоқтатып қою». Окончание русского языка - «ция» соответствует соединению «лау» в казахском языке. Наблюдается ошибочность написания, то есть удвоенное соединение русского «ция» и казахского «лау».

Автор стремится объяснить, что нельзя применять при переводе законодательства правила невозможности обратного перевода переведенного текста художе-

ственной литературы из одного языка на другой.

Представлено обоснованное мнение, что грубой ошибкой является использование в законах слова «форма» - «нысан», в печати «объект» - «нысан». Ссылаясь на толковый словарь казахского литературного языка, автор выражает мнение, что слово «нысан» - альтернатива термина «объект» в печати, нежели термин «форма» в законодательстве. Однако учитывая, что там, где есть понятие «объект», существует и понятие «субъект», ученый считает, что если в одном случае определение субъекта как нысан целесообразно, гармонично, он задается вопросом, будет ли целесообразным подобная замена другого выражения и замечает, что такое мнение будет неуместным.

Учитывая данные мнения, замечает, что прежде чем переходить на латинский алфавит, необходимо систематизировать термины, устойчивые словосочетания.

QUESTIONS OF THE SYSTEMATIZATION OF TERMS IN LEGISLATION

Esenkul Safuanuly Safuani

Leading research fellow of the sector of scientific and linguistic expertise of the normative legal acts and international agreements of the Center for Linguistics, Astana, Republic of Kazakhstan; e-mail: e.safuani@adilet.gov.kz

Keywords: term; legislative language; authenticity.

Abstract. Paying attention to the difference between the legislative language and the language of fiction, the author proves it by providing examples. Specific examples are given, which shows the difficulties arising from the various translations of terms and phrases.

There is a discrepancy with the practice of non-translated international terms, used in its own form.

Foreign terms in the legislation in Russian are written in the script of their language. That is why attention is paid to the rule of perception of speech. The term «conservation of the deposit» is used as a «ken ornin conservation», and in the laws in the field of construction as «totatypgyuyu». The ending of the words «-cia» in the Russian language - corresponds to the «lau» connection in the Kazakh language. There is an error in writing, that is, a doubled combination of Russian «-cia» and Kazakh «lau.»

The author tries explain that it is impossible to apply the rules of the impossibility of the reverse translation of the translated text of fiction from one language to another when translating legislation.

An informed opinion is presented that the use of the word «form» - «nysan» in the laws and «object»- «nisan» in the press is a gross error. Having consulted the explanatory dictionary of Kazakh literary language, he expresses the opinion that the word «nisan» is an alternative to the term «object» in the press, rather than the term «form» in the legislation. However, considering that where there is the concept of «object», there is also the concept of «subject», the scientist believes that if in one case the definition of a subject as a pysans is appropriate, harmoniously, he asks whether it would be expedient to substitute another expression for it, that such an opinion would be inappropriate.

Given these views, notes that before switching to the Latin alphabet, it is necessary to systematize terms, stable.

Елбасының «Рухани жаңғыру» атты мақаласында ұсынылған міндеттерді іске асыруға атсалысу еліміздің әрбір азаматының қасиетті борышы екенін айтып жатудың өзі артық. Ғасыр бағдарламасы, деп басшылыққа алынуға тиіс бұл жобаның негізгі міндеттерінің бірі латын әліпбиіне көшу. Осы орайда күнделікті іс қағаздарын және көркем әдебиет туындыларын латынға көшіруде күрделі проблемалар болмайтыны хақ. Ал ғылыми әдебиет және заңнама мәтіндеріне орай көптеген күрделі мәселелерді шешуге тура келеді.

Заңнаманы қазақ тілінде жазу туралы пікір білдіріп жүргендердің арасында ғылым, заңнама тілімен айналыспай, сырттай қарап, қазір кез келген ғылыми-техникалық әдебиет-

терді, заңнаманы қазақ тілінде жазуға болады дейтіндер көп. Олар өздерінің үстірт сөйлеп, қателесіп жүргендерін білмейтін сияқты. Себебі олар заң мәселесіне ішінара араласып жүрсе де, заңмен жұмыс істемейтін адамдар.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері екі заң қазақша жазылып, оларды Парламент қазақ тілінде қабылдады. Бірақ сол заңдардың қазақша мәтінінде кеткен қателіктердің салдарынан көп қиындықтар туындап, көптеген түзетулер енгізуге тура келді.

Біздің айтпағымыз тілімізде әлі дәл баламасы табылмаған, оның үстіне мағынасы осылай ғой деп, оңды-солды қазақшаланған терминдер баршылық. Мысалы, «номинал» деген термин – «номинал», «көрсетілген», «атаулы»,

«нақты», «нақтылы» деп бес түрлі жазылып келді. Тек 2003 жылдан бастап «номинал», деп жазайық деген тұжырымға тоқтадық.

Халықаралық терминдерді аудармау керек деген қағидатпен оларды орыс тіліндегі транскрипциясымен (харакатымен) қабылдаймыз. Мысалы, «консервация месторождений» дегенді «кен орнын консервациялау» деп жүрміз. Құрылыс саласындағы заңдарда «тоқтатып қою» болып жүр. Бұл сөз тіркесінің орысша баламасы «приостановление» екеніне мән берілмеген. Орыс тіліндегі «ция» жалғаулығы қазақша «лау» деген жалғаулықтың баламасы. Сонда бір терминге орысша «ция», қазақша «лау» деген екі бірдей жалғаулықты қосақтап отырғанымызды байқамаймыз.

Бұл термин шет тілдерден енген сөздер сөздігінде: «Консервация - [лат. conservatio сақтау] 1) қозғауышты, машиналарды ұзақ мерзім сақтау немесе алыс жерге тасымалдау алдында әрекетсіз тұрған кезінде бүлінуден сақтау үшін қолданылатын коррозиядан қорғаудың техникалық шаралары; Сүректі консерваттау оны антисептикалық құралдармен өңдеуді, шіруге қарсы төзімді ету үшін шала күйдіруді немесе бояуды білдіреді; Кәсіпорынды консерваттау – кәсіпорын жұмыс істемей тұрған кезде жабдықты бүлінуден және оны ұрлап әкетуден сақтайтын бірқатар техникалық шараларды қолдана отырып, фабриканы немесе зауытты тоқтатып қою; Мәдениет ескерткіштерін консерваттау – сәулет, тарихи және архиологиялық ескерткіштердің, көркем өнер туындыларының, кітаптардың, құжаттардың және басқалардың ұзақ уақыт сақталуын қамтамасыз ететін шаралар жиынтығы; 2) бірдеңенің барысын, дамуын, қызметін уақытша тоқтата тұру, мысалы құрылысты консерваттау» [1, 497 б.].

Қазақ тіліндегі заңдарда терминдерді бастапқы мағынасына қарай қазақшалау басым болды. Мұндайда орысша сөз көбейіп кетті ғой, өзіміздің бай тілімізді қолданбау сауатсыздық қой деген уәж айтылып, ол өте дұрыс пікір ретінде қабылданды. Нормативтік құқықтық актілер туралы Заңда «афоризмдерді, синонимдерді» заңнамалық актілерде қолдануға болмайды деген нормаға мән берген мамандардың пікіріне назар аударғандар болмады.

«Форма» деген терминді «нысан» деп жүрміз. Ал «формализм», «формальность», «формат» деген сөздерді әркім өз бетінше аударды. Мысалы заңдардағы «формальная проверка» деген тіркесті «жай тексеру», «ресми тексеру», «формат» сөзіне қатысты «широко форматный печать» деген жарнама «кең көлемді басылым» деп қазақшаланып жүрді. Ал «жай тексеру» дегеніміз «простая проверка», «ресми тексеру» – «официальная проверка», «көлем» дегеніміз «объем» деп түсінілетініне

мән берілмеген. Заңдардың бәрінде «форма» – «нысан», баспасөзде «объект» – «нысан» деп жазылып жүрген терминді түсіндіру төңірегінде дау туындаса, сөздікке жүгінуге тура келеді. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде: «Нысан – зат. 1. Белгілі бір зат, бізден тыс өмір сүретін материалдық дүние. 2. Бір іс-әрекеттің орны, мекеме, кәсіпорын, шаруашылық не қорғаныс мақсатындағы телім, т.б. 3. Белгілі бір іс-әрекет бағытталған не зерттеуге, бақылауға арналған зат, құбылыс [2, 594 б.].»

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Тіл комитеті, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті, А. Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты шығарған бұл сөздікті басшылыққа алуға міндетті екенімізді ескерсек, «нысан» дегеніміз «форма» емес, «объект» екендігі даусыз. Бірақ «объект» жүрген жерде «субъект» сөзі жүретінін ұмытпауға тиіспіз. Тіл мамандарының арасында «объект» – «нысан», «субъектіні» «пысан» десек жарасып-ақ тұр деген пікірі болған. Кез келген сөз, термин жеке-дара пайдаланылмайды, практикада әртүрлі контексте (соңғы кезде түпмәтін, мәнмәтін, деп жазылып жүр) қолданылады. Сонда: «нысанды пікір», «пысанды пікір» десек жараса ма?

«Қазақстан Республикасындағы сәулет және қала құрылысы туралы» Заңда «архитектура» терминін сәулет деп қазақшаладық. Сәулет – зодчество екенін қаперге алмадық. Бұл терминнің көркем шығармада да қолданылатынын, көркем шығарманың сәулеті деуге болмайтынын, шығарманың архитектуроникасы деген ұғымды қатаң сақтау керектігіне де мән берілмеді. «Архитектоника [ежелгі грек. құрылыс өнері] 1) геологиялық құрылымның жалпы картинасы және белгілі бір жердің тау-кен жыныстарының қатпарлану ерекшелігі; 2) көркем шығарма бөліктерінің өзара қағидатты байланысын түсіндіретін құрылымының жалпы эстетикалық жоспары; 3) құрылым заңдылығының көркем бейнеленуі, құрылысжайдың немесе мүсін туындысының конструктивті жүйесіне тән ауыртпалық пен тіректің арақатынасы [1, 96 б.].»

Мысал ретінде келтіріліп отырған бұл терминге «Новый словарь иностранных слов» сөздігінде осындай анықтама беріледі. Қазақ тілінде мұндай сөздік жоқ. Әркім өз білгенінше түсіндіреді. Содан келіп орысшасын оқымаса түсінбейтін, заңды орындау қиындығына душар боламыз.

Бір қарағанда ешқандай кемшілігі жоқ сияқты көрінетін, бірақ заң мәтінінде түсінбеушілікке алып келетін терминдер де жиі кездеседі. Қазақ тіліндегі заңдарда «архив» термині «мұрағат» деп алынады. Яғни «архив» мұраға қалған жазбаларды сақтайтын орын, сондықтан оны қазақша «мұрағат» деген дұрыс. Қазақшалауға болатын терминдердің бәрін

қазақшалау керек деген қағидаттан шыққан пікір. Ал Орман кодексінің 4-бабының 9) тармақшасында, 78-бабының 2-тармағы 2) тармақшасында: «архивы клонов плюсовых деревьев» деген тіркес «артықшылығы бар ағаштар клондарының мұрағаттары» деп аударылған. Сонда артықшылығы бар ағаштар клондарын да мұраға қалған жазба деп түсінуіміз керек пе? Әлде мұраға қалған артықшылығы бар ағаштар клондары деп түсінуіміз керек пе? Негізінде архив – құжаттарды сақтауды, жиынтықтауды жүзеге асыратын мекеме, ұйымның құрылымдық бөлімшесі, оларды есепке алатын, пайдаланатын орын. Ал жазба ескерткіштерді сақтау оның екінші функциясы.

Осы Орман кодексінде «воспроизводство» деген термин кездеседі. 11-баптың тақырыбы мен мәтініндегі: «Должностное лицо и система государственных органов, осуществляющих государственное управление в области охраны, защиты, пользования лесным фондом, воспроизводства лесов и лесоразведения.» деген тіркес: «Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, орманды молықтыру мен орман өсіру саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын лауазымды адам және мемлекеттік органдар жүйесі.» деп аударылған. Егер заң нормасын ойламасақ, бұл бапта қате жоқ деп есептеуге болады. Мұндағы «молықтыру» деген сөзді «көбейту, өсіру» деген мағынада деп түсінуге болады. Ал «воспроизводство» мағынасына қарай аударса салатын жай сөз емес. Бұл терминді «ұдайы өндіру», «ұдайы молықтыру», «ұдайы өсіру» дегеннен басқаша аударуға болмайды. Өзіміз күнделікті пайдаланып жүрген Орысша-Қазақша сөздікте: «Воспроизводство – ұдайы өндіріс; воспроизводство населения – халықтың ұдайы өсуі» деп аударылған [3, 121 б.].

Осы терминдерді дүние жүзі елдерінің практикасына сүйеніп, жоғарыда айтқанымыздай «консерваттау» (тіпті қазақ тілінің үндестік заңымен «кәңсербаттау») деп, қазақ тілінің транскрипциямен (харакатымен), ал «архитектура» терминін құрылысқа қатысты «сәулет», көркем шығармаға қатысты «архитекту-

ра», «архитектоника» деген темінді әртүрлі қолданбай бірізділікті сақтап, «архитектура», «архитектоника» деп, «архивті» «архив» деп жазған жөн болар еді. Басқа тілдерден кірме сөздерді қабылдай бермейтін араптар «трамвай», «троллейбус» деген сөздерді «тирамун», «трулейбусун» деп жазады. Қазақ тіліндегі он бестен астам, жиырмаға жуық географиялық терминдер дүние жүзінің барлық тілдеріне еніп кетті. Мысалы, «төбе», «төбешік», «тұздық», тағы басқа көптеген сөздерді еуропаның дамыған елдері түркі тілінен қабылдап, өз тілдерінің транскрипциясымен жазып, өздерінің төл сөзі ретінде қолданысқа енгізді.

Қазақ тілі дүние жүзіндегі ең бай тіл, біз кірме сөздерді қабылдамауымыз керек дейтін шамшыл аудармашылардың дүние жүзі халықтарының тілді байыту практикасына назар аударғаны жөн болар еді.

Заңнамада өмірдің барлық салаларының терминдері қолданылады. Оны әркім өз түсінігімен әртүрлі қолданса, заңның орындалмауына әкеп соғады. Заңмен жұмыс істеп көрмеген адамдар: қазір орындалмай жатқан заң жоқ қой, бәрі де орындалып жатыр ғой, деп арқаны кеңге салуы мүмкін. Қазақ тіліндегі орындалуы қиын баптарға келгенде құқық қорғау органдарының қызметкерлері, судьялар заңның орыс тіліндегі мәтініне жүгінеді. Орыс тілі мұндай қиын жағдайдан бізді қашанғы алып шыға береді? Өз тілімізді заңнамада еркін қолданамыз десек, ең алдымен жалпыға ортақ қолданылатын сөздік, түсіндірме сөздік, энциклопедиялық сөздік шығаруды қолға алуымыз керек. Ол жеке-дара орталықтарға емес, тиісті мәртебеге ие мемлекеттік органға тапсырылғаны жөн.

Қазақ тіліндегі заңнаманы латын әліпбиіне қазіргі қалпында көшірсек, терминдердің, көптеген тұрақты сөз тіркестерінің әртүрлі болып жүруі салдарынан оның орындалуын қиындатамыз. Сондықтан латын әліпбиіне көшпес бұрын жоғарыда айтылған ағаттықтарды тез арада түзетуіміз керек. Бұл ізгілікті де жауапты іске атсалысу әрбіріміздің міндетіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Новый словарь иностранных слов / Гл.ред. В.В. Адамчик. – М.: АСТ; Минск: Харвест, 2005. – 1152 с.*
2. *Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / Құраст. Ж. Манкеева ж.б. – Алматы, 2011. 11-том. – 752 б.*
3. *Русско-казахский словарь / Под общ.ред. Н.Т. Сауранбаева и др. – Алматы: Дайк-пресс, 2005. – 1152 с.*

REFERENCES

1. *Novyjslovar'inostrannyhslov/Gl.red. V.V. Adamchik. – M.: AST; Minsk: Harvest, 2005. – 1152 s.*
2. *Қазақәдебитілініңсөздігі. Onbestomdyq/Kұrast. Zh. Mankeevazh.b. -Almaty, 2011. 11-tom. –752b.*
3. *Russko-kazahskijslovar'/Podobshh.red. N.T. Sauranbaevaidr. –Almaty: Dajk-press, 2005. –1152s.*